



«Суындық» жалпы білім беретін мектеп кітапханасының ақпан айына  
арналған іс-шара жоспары

Қ/с	Өткізілген іс-шара	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектеп кітапханасының материалдық-техникалық базасын заманауи үлгіде жабдықтау	Жыл бойына	А.Ахметова
2	«Мұқағали мәңгілік жыр» тақырыбында көрме.М.Мақатаев өлеңдерін жатқа айту	Мектепішілік Мұқағали оқулары	А.Ахметова  Сынып жетекшілер
3	«Ерлік жолы» Ауған соғысы (1979-1989) көрме ұйымдастыру	Көрме	А.Ахметова
4	14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күніне байланысты «Кітапты махаббатпен сыйлаңыз!» Буккроссинг акциясын өткізу	Мектепішілік акция	А.Ахметова
5	Ұқыптылық оқушы міндеті Оқулықтарды тексеру	Жыл бойына	А.Ахметова С.Имамова

Кітапханашы А.Ахметова

## Мәлімет

«Суындық» жалпы білім беретін мектеп кітапханасында « Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың» өмірі мен еңбек жолы жайлы көрме жасалды 912 жылы 12 қаңтарда Верный ) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген. Ысты тайпасының Ойық руынан шыққан. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты болған. Анасы, Зәуре Баирқызы (1888 жылы Шелек (бұрынғы атауы Чилик) Чилик ауданында (қазіргі Алматы облысы) туған) үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан.

Бірнеше мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланды. КОКП-ның XIX-съезінен бастап, кейінгі съездерінің бәріне делегат болды. Парламент және партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде болып қайтты.

Д. Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылғы тамыздың 22-сінде, 82-жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.

